ҚАЗАҚ ТІЛІ
9-сынып
І деңгей, жеңіл сұрақтар

1.Сөз тіркесінің байланысу түрі нешеу екенін анықтаңыз.

A) 2
B) 3
C) 4
D) 5
E) 6

2. Бастауыш қызметіндегі мезгіл үстеуін табыңыз.

A) Елдің ертеңі – жастар.
B) Өсер жастың алдын кеспе.
C) Досы көппен сыйлас.
D) Ақырын жүріп, анық бас.
E) Жақыннан қарасаң да, алысты байқа.

3. Еліктеуіштен жасалған амал пысықтауышты белгілеңіз.

A) Тарс еткен дыбыс табиғатты оятқандай болды.
B) Көгілдір өзен жай ғана ағып жатыр.
C) Осы таза ауаның кеудеңе толтыра жұта бергің келеді.
D) Бұл сөзді естігенде, ол сылқ-сылқ күлді.
E) Бұлар әуежайдың шетінде тұрған аспан түстес ұшақтың қасына келіп тоқтады.

4. Үйірлі толықтауышы бар сөйлемді көрсетіңіз.

A) Мұндай құстар шыршалы ормандарды жақсы көреді.
B) Әйгерім оларға талайдан түйіліп қалған әнімен әндетті.
C) Таңертеңгі шайдан соң Абай Майбасарға келе жатты.
D) Бұл сөзді естігенде, ол сылқ-сылқ күлді де, шығып кетті.
E) Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға бәрі де анық.

5. Қатыстық сын есімнен болған баяндауышты көрсетіңіз.

A) Бетегеден биікпін,
Жусаннан аласамын.
B) Ғылым жолы – сара жол.
C) Өзен тауымен көрікті,
Өріс малымен көрікті.
D) Дос елдерге жарық та, жылу да ортақ,
Алыптардың даңқы мен атағы ортақ.
E) Маған тоғайдағының бәрі қызық.

6. Жалаң сөйлемді табыңыз.

A) Балалық мінезі әлі қала қойған жоқ.

B) Қырдағы ел ойдағы елмен араласты.
C) Кең далада жалғыз адам жүзіп келеді, жүзіп келеді.
D) Тұқымды құрғатпай-ақ себе беруге болады.
E) Қаптады қол, салынды жол, бұзылды тау.

7. Есімді сөз тіркестері бар қатарды табыңыз.

A) Атпен келу, сөйлеп кіру
B) Айтқанға көну, тез жүгіру
C) Ағашқа міну, көлге шомылу
D) Арманның ойы, асыл сөз
E) Арбаға отыру, сахнаға шығу

8. Сұрау белгісі қойылатын сөйлемді анықтаңыз.

A) Ертең күзде Хиуаға жылқы сатуға жүргелі отырмын
B) Тайқазанда бұрқ-бұрқ қайнап жатқан не екен
C) Адамдар мен түйелер міз бақпай, сап түзеп тізіліп тұр
D) Абай, Оспан, жылы киініп алып, сыртқа шығыңдар
E) Бөлтірік тәрбиесін өз мойнына алған

9. Дара баяндауышты сөйлемді көрсетіңіз.

A) Қиыны бұл дүниенің - қолы тарлық.
B) Түні бойы көз ілмеді.
C) Құлагер Көкөзектің сайына екпіндетіп түсе берді.
D) Бәсе, солай болады деп айтып едім ғой.
E) Сабағы жаман жемістің дәні де жаман.

10. Тек хабарлы сөйлемнен жасалған нұсқаны белгілеңіз.

A) Көйлегімнің етегіне салып алсам ше. Дәптеріңді досыңа бер.
B) – Түу, мына басымды-ай. Ей, балалар, таптым.
C) Мен артыма алаңдай қарап, сәл кідірдім. Мектептен келді.
D) Айтпақшы, теріп алсам қайтеді. Ол үшін дорба керек.
E) Тоқта, мынау дауыс таныс қой. Кімнің даусы.

11. Көсемшелі сөйлемді көрсетіңіз.

A) Семіздікті қой көтереді.
B) Ерінбеген етікші болар.
C) Жомарт жоқтығын білдірмес.
D) Жығылған күреске тоймас.
E) Талапты ерге нұр жауар.

12. Меңгеріле байланысқан сөз тіркесін анықтаңыз.

A) Райханның көңілі
B) Ешбір күмән
C) Ауылға келетін
D) Қыс ызғары

E) Ертегі айтты

13. Бірыңғай мүшенің қызметін табыңыз.

Түйе, жылқы, өгіз көлік ретінде пайдаланылады.

A) Бірыңғай анықтауыш.

B) Бірыңғай бастауыш.

C) Бірыңғай пысықтауыш.

D) Бірыңғай баяндауыш.

E) Бірыңғай толықтауыш.

14. Сөйлемнің түрін анықтаңыз.

Енді сізге тізімді тексеруге тура келді.

A) Құрмалас.

B) Жақсыз.

C) Атаулы.

D) Жақты.

E) Сұраулы.

15. Баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болатын жай сөйлем түрін белгілеңіз.

A) Жақты сөйлем

B) Жақсыз сөйлем

C) Атаулы сөйлем

D) Толымды сөйлем

E) Жайылма сөйлем

16. Толықтауыш қызметіндегі сын есім қатысқан сөйлемді анықтаңыз.

A) Үлкенді-кішілі түгел жиналды.

B) Сабақты ине сәтімен.

C) Үлкенді сыйласаң, қадірлі боларсың.

D) Жақсы жүрген жерін мақтап жүреді.

E) Ақыл азбайды, білім тозбайды.

17. Матаса және меңгере байланысқан сөз теркестерін көрсетіңіз.

A) Қызықты кітап, жабайы құстар

B) Біздің ауыл, мектепке келді

C) Ызғырық жел, түсінгенін баян етті

D) Күмбездің жобасы, асыл сөз

E) Төреқұлдың әңгімесі, дәптердің беті

18. Толықтауышы зат есімнен болған мақалды анықтаңыз.

A) Бұрынғының ақылы бұрыс кетпес.

B) Шегірткеден қорыққан егін екпес.

C) Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.

D) Бас екеу болмай, мал төртеу болмас.

E) Жақсы – текшіл, жаман – кекшіл.

19. Жақсыз сөйлемді көрсетіңіз.

A) Барлық адам адал еңбек етеді.

B) Арлы, ақылды адам мақтанбайды, өзімшілдікті білмейді.

C) Білімсіз, ғылымсыз өнер табылмайды.

D) Бар байлықты адам баласының керегіне жарату керек.

E) Мейірімділік, қайырымдылық ақ жүректіліктен шығады.

20. Орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркесін анықтаңыз.

A) Мәз боласың.

B) Шешеннің тілі.

C) Шықшы тауға.

D) Қарашы далаға.

E) Жақсы сөйледі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ
9-сынып
II деңгей, орташа сұрақтар

1. Қаратпа сөзі бар сөйлемді белгілеңіз.

A) – Байжан, не жеп отырсың? – деп сұрады Үкі би.

B) – Шыққан жерім артымда қалды, - депті Махамбет.

C) – Не қыласың қай туған екенімді? – деді.

D) - Әкет, мына соқырды кіргізбе, - деп ақырады.

E) – Мәсіңіз өзіңізге лайықсыз екен, - деп қоймапты.

2. Бірыңғай мүше қатысқан сөйлемді анықтаңыз.

A) Олар түрлі күйді шертіп, тәтті әуендерді төгілте жырлайды.

B) Өткен ғасырда ағайынды Қонтай, Тонтай дейтіндер өмір сүрген.

C) Шырағым, биыл өнім аз ғой, қаптай салыңдар.

D) Молда маңғаздана, япыр-ай, ертерек неге айтпағансың деп, әзер дегенде қолын ұсыныпты.

E) Әй, шырағым-ай, қалжыңға шын жауап берген дұрыс.

3. Салалас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

A) Түнде Жолдас тұрып, шоланға шығады.

B) Онда игі жақсылар жиналған, ішінде Есеней де бар.

C) Кіріп келген Тіленші биге көре тұра қарамапты, көрмеген болып жата беріпті.

D) Жақсы жүрген жерін мақтап, жаман жүрген жерін даттап жүреді.

E) Бірән дегеннің әйелі қайтыс болып, үш баласы жетім қалады.

4. Сөйлемде тура толықтауыш болатын сөзді табыңыз.

A) Өзін

B) Гүлінің
C) Бозторғай
D) Досына
E) Шашағы

5. Матаса байланысқан тіркесті көрсетіңіз.

A) Әке-шешем келді
B) Ертегі айтты
C) Былтыр барғанда
D) Қыс ызғары
E) Көңіліне тоқып сөйле

6. Қабыса байланысқан сөз тіркесін анықтаңыз.

A) Тасқа жазды, ауруынан айықты
B) Жүз оқушы, бұл кітап
C) Бүгін келу, сұрақ қою
D) Қызықты әңгіме, көмегін аямады
E) Тез жетті, отызға толды

7. Жақсыз сөйлемді белгіленіз.

A) Енді біраздан кейін көз байлануға айналады.
B) Арада сүт пісірімдей уақыт өтеді.
C) Көзімді жұмсам да, мен сені көремін, сеземін.
D) Қарауытып бір топ қоға көрінді.
E) Көзі жоқтың өзі жоқ демеңдер, тең бөліңдер.

8. Сөйлемнен қабыса байланысқан сөз тіркесін табыңыз. ***Балапан талдың сыртындағы жолмен бір топ бала жүгіріп өтті.***

A) Талдың сыртындағы
B) Бала жүгіріп өтті
C) Бір топ
D) Балапан талдың
E) Жолмен жүгіріп өтті

9. Сұрау белгісі қойылатын сөйлемді анықтаңыз.

A) Абай аға, сізді білгіш дейді, менің басыма киген ненің терісі
B) Тобықтының шынжыр бұлақ, шұбар төс шонжарлары Абай үйінде мәжіліс құрып отырады
C) Қазақ халқында қымыз киелі асқа саналады
D Жапалақ өзінің мініп келген торы байталымен көлді бір айналып шауып келеді
E) Хан қызды мырзаға алып келді

10. Сабақтас құрмалас сөйлемді белгіленіз.

A) Сәукеле жайында ауыздан-ауызға, елден-елге тараған әңгіме бар.

B) Отыны да бар, панасы да бар.
C) Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпті.
D) Ұры-қарыға, шылық-былыққа қатал адам.
E) Шыңғыс ойынды тоқтатты да, ордасына қарай жүре берді.

11. Сөз тіркесіне тән белгіні табыңыз.

A) бағыныңқы, басыңқы сыңарлары бар
B) құрамындағы сөздер түрленбейді
C) белгілі бір сұраққа жауап бере алмайды
D) сөз бен сөзді байланыстырады
E) лексикалық мағынасы жоқ

12. Жалаң сөйлемді анықтаңыз.

A) Күн шықты.
B) Кең дала.
C) Көп күтіп қалды.
D) Алтын күз.
E) Кеше келді.

13. Төл сөзден төлеу сөзге айналған сөйлемді анықтаңыз.

A) – Елеман аға, - деді Тәңірберген, - білем, бізге өкпелісің.
B) Ғ.Мұстафин: «Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы - тіл», - депті.
C) Тәңірберген Елеманға өзіне өкпелеп жүргенін білетінін айтты.
D) Өзіне масыл болғанымен, аққөңіл екендігін тілге тиек етті.
E) «Шылбыр байланбаса, байланбасын, өзім жүремін», - деді Едіге.

14. Салалас құрмалас сөйлемнің жасалуына қарай түрін белгілеңіз.

A) ыңғайлас салалас
B) себеп-салдар салалас
C) қарсылықты салалас
D) жалғаулықты салалас
E) талғаулы салалас

15. Баяндауыш қызметін атқарып тұрған зат есімді көрсетіңіз.

A) Шыңғыс Шоқанға ойлана қарады.
B) Артына мол мұра қалдырған.
C) Лашын әртүрлі болады екен.
D) Қыздың белбеуі – қызыл.
E) Омар – мұғалім.

16. Бірыңғай есімді тіркестерден жасалған сөйлемді көрсетіңіз.

A) Ертеде Қаракесек пен Қыпшақ руларының арасында бір дау болады.
B) Қазақ елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік ел».
C) Сырым Нұралыға наразы болып жүрген еді.
D) Тойда Сырымның аты бәйгеден келді.

E) Жаңғір жатар алдында түйешісін шақырып алды.

17. Жалғаулықты себеп-салдар салаластың жасалу жолын белгіленіз.

A) бірақ

B) не болмаса

C) өйткені

D) кейде

E) да

18. Дара баяндауышты сөйлемді анықтаңыз.

A) Екі атты алыстан әндетіп келе жатыр.

B) Төрт жерде төртім – он алты.

C) Түні бойы көз ілмедім.

D) Қиыны бұл дүниенің – қолы тарлық.

E) Сабағы жаман жемістің дәні де жаман.

19. Баяндауыш қызметіндегі жіктеулі зат есімді сөйлемді белгіленіз.

A) Жүректен шыққан сөз жүректен жол табады.

B) Сен әкеңнің қызысың.

C) Туған жердің қадірін шетте жүрсең білерсің.

D) Жақсы кітапты алғаш оқығанда, жаңа дос тапқандай боласың.

E) Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды.

20. Сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолын анықтаңыз.

A) –са, -се

B) бірақ, алайда

C) –ды, -ді

D) және, әрі

E) да, де

ҚАЗАҚ ТІЛІ
9-сынып
III деңгей, қиын сұрақтар

1.Меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін анықтаңыз.

A) тез жаттау, білу үшін оқу

B) телефонмен сөйлесу, кітапты алу

C) сенің дәптерің, шаңырақтың иесі

D) мектепке дейін жүру, таза жүру

E) жас спортшылар, универсиадаға қатысты

2. Сөйлемнің айқындауыш мүшелерін белгіленіз.

A) Ақынның пәтер-мұражайына бардық.

B) Мінезі де, түрі де – бәрі өзім.

C) Оқыған жасқа білімнің есігі кең ашылды ғой бұл заманда.

D) Күшікті желкелерінен тістелеп, ақ қасқыр інге әкелді.

E) Сол сәтте бәріміздің де ойынға еш зауқымыз болмады.

3. Құрмалас сөйлемде ойдың ара жігін ажырату қызметін атқаратын тыныс белгіні көрсетіңіз.

A) Нүкте

B) Жақша

C) Тырнақша

D) Леп белгісі

E) Қос нүкте

4. Айқындауыш мүше қатысқан сөйлемді табыңыз.

A) Шұбар қаршығасын амалсыз жұртқа көрсету үшін, қолына алды.

B) Кішкентай күнінде Абай өзі де кеш сайын осы жырдың тербеуімен ұйықтайтын.

C) Қария көп жыл бойы жылқышы болған.

D) Ол әйгілі Төле бидің күмбезі екенін Рысқұлов білетін.

E) Абайдың өз әжесінен басқа ешкімнен естімеген жыр.

5. Қарсылықты салас құрмалас сөйлемді белгілеңіз.

A) Осымен сөз бітті, Алшынбай үйіне қайтты.

B) Ол кезде қазақ елінде кітап басылмайтын, сол себепті Әуез қарт өзінің сүйікті ақыны Абайдың өлеңдерін көшіртіп алады.

C) Айжан өз құқығын жете біліп тұрды, алайда дәлелдей алмады.

D) Төргі жақта екі жүкаяқ, екі сандық, үстіне төбеге жеткенше көрпе-жастық жиналыпты және шаң баспасын деп сарғыш бәтес жабылыпты.

E) Бір күні кешке жақын терезе алдында ойға шомып отыр едім, қақпа алдына бір шана келіп тұра қалды.

6. Қыстырма сөзі бар сөйлемді белгілеңіз.

A) Қайдағыны бастамай тиыш отыр сен енді!

B) Амал не, кітапты қойныма тықтым да, үйге беттедім.

C) Ой, айналайындар-ай, шаршаған боларсыңдар?

D) Әй, кемпір, оның бәрін сұрап қайтесің?

E) Асықпаңыз, ата, балаларыңызды әлі-ақ көресіз.

7. Тура толықтауыш қатысқан сөйлемді табыңыз.

A) Көтерілісті Исатай бастаған еді.

B) Күн түс ауа жылынған сияқты.

C) Кезектесіп екеуі бірдей таспен соққылады.

D) Тұра сала, бүкшеңдеп жүгіре кетті.

E) Баршагүлге сәлем бере келеді.

8. Күрделі ойды білдіріп тұрған сөйлемді көрсетіңіз.

A) Қарағайлы шатқал арасындағы ауыл үстіне ымырт үйірілді.

B) Ауыл жігіттері ақсақалдардың алдынан сәлем бере шықты.
C) Абай Мағаш, Әбіштерді бүгін үйіне шақырған болатын.
D) Әкемнің бау-бақшалы үйі бәрімізге ұнайды.
E) Ол жауап қатпаған соң, ойын сан-саққа жорыды.

9. Жалғау арқылы байланысқан сөздерді табыңыз.

A) айсыз кеш, қадірлі қонақ
B) аса ұғымтал, мақтау қағазы
C) сендер келдіңдер, елін аңсайды
D) ұлттық ойын, қазақтың ойыны
E) аталы сөз, өлеңге құмар

10. Етістікті тіркесі бар қатарды көрсетіңіз.

A) басына қарау, шалқар көл
B) Шалкөде жайлауы, жаны күю
C) әжесінің мейірімі, оқушының дәптері
D) ерекше көріну, жатқа айту
E) жұлдызы жарасқан, желкесін қасу

11. Орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркесін белгілеңіз.

A) Бақыт - сазгер
B) Таңның атуы
C) Ұтымды жауап
D) Інісін көрді
E) Құлап жатыр

12. Сабақтас құрмаласқа жатпайтын сөйлемді табыңыз.

A) Қыс түсіп, сырғанақтың қызығына түскенбіз.
B) Кезерген ернін жалап қойды да, төмен қарады.
C) Біз Бапай шалдың үйіне жақындап қалдық.
D) Мұрат қорғана отырып, шегініп бара жатыр.
E) Көзі жылтырап, жаутаңдап қарап қояды.

13. *«Әжесінің орамалы»* сөз тіркесіне қатысты дұрыс ақпаратты көрсетіңіз.

A) Меңгеріле байланысқан
B) Шылау арқылы байланысқан
C) Орын тәртібі арқылы байланысқан
D) Етістікті сөз тіркесі
E) Есімді сөз тіркесі

14. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемді белгілеңіз.

A) Күн кешкіре келе бұлыңғырланып тұр еді, ұзамай қар жауа бастады.
B) Өзеннің суы таяз болғанымен, жағасы тік.

C) Хатты біресе кеудесіне қысады, біресе оған мейірі қанбағандай бетіне басады.

D) Мүсіреп Тілеуімбетке осыны ескертіп, қытықтап алды да тоқтады.

E) Үйі жақын, сондықтан ол жұмысқа ерте келді.

15. Бастауышы жоқ сөйлемнің түрін анықтаңыз.

A) Жалаң

B) Толымды

C) Толымсыз

D) Жақсыз

E) Жайылма

16. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.

A) Өз Отанын, өз халқын сүймейтін адамдар елінің қорғаны бола алмайды.

B) Мен сабақ оқып отырмын, ағам мен інім шахмат ойнап отыр.

C) Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын.

D) Жақсы іс жасағың келсе, білдірмей жаса.

E) Қашқан үш еліктің соңғысы құлап түсті, өйткені ол кішкентай әрі әлсіз.

17. Жақты сөйлемді табыңыз.

A) Әжем өзінің ұлдарына өңшең аққұбаша аруларды айттыруға ынтық болған.

B) Бұл жөнінде адам еңбегін жыр қылып айтуға болар еді.

C) Сауын биені онда апарып байлауға болмайды.

D) Билетті екі-екіден екі вагонға алуға тура келеді.

E) Жазушыға көп адамдармен кездесу керек.

18. Жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыратын сөйлем мүшесін табыңыз.

A) Бірыңғай мүше

B) Айқындауыш

C) Толықтауыш

D) Баяндауыш

E) Жалпылауыш

19. Жалғаулықты шылауды анықтаңыз.

A) -ақ

B) әрі

C) бірге

D) шейін

E) ғана

20. Тыныс белгілерін қажет етіп тұрған құрмалас сөйлемді белгілеңіз.

A) Мен әлі бәріңе де хат жазамын.

B) Сол сәтте бәріміздің де ойынға еш зауқымыз болмады.

C) Әжем қанша жалынса да Серкебай айтқанынан қайтпады.
D) Шынында да бұл күнде Аян қайда екен?
E) Ондай бала алдына қойған мұратына жетеді.